

## **7 дәріс. Бұқаралық коммуникацияның теориялық моделдері.**

БКҚ әлеуметтік-саяси жағдайларға байланысты саяси релевантты сипаттағы түрлі функцияларға жіктелуі мүмкін. Осы тұрғыда Д. Макквейл БКҚ функциясының мынадай жіктемесін ұсынады:

1. Ақпараттық: елдегі, әлемдегі болып жатқан оқиғаларды хабарлау; оған әрекеттегі үкіметтің қарым-қатынасын белгілеу.

2. Корреляциондық: ақпараттық хабарламаларды түсіндіру және талдау; әрекеттегі үкімет пен үстемдік етуші нормалардың қолдауын қамтамасыз ету; әлеуметтендіру; жекелеген субъектілердің күшін үйлестіру; консенсусқа жету; әлеуметтік статус пен приоритетті белгілеу.

3. Континуитивтік: басым мәдениетті трансляциялау; әлеуметтік құндылықтар қауымын қолдау.

4. Көңіл көтерушілік: көңіл көтеру құралдарын қамтамасыз ету, әлеуметтік ауыртпалықты жеңілдету.

5. Науқандық: саясат, экономика, еңбек және кейде дін саласындағы әрекеттерді (соның ішінде сыртқы саясат) қолдау науқанын жүргізу.

Саяси коммуникацияның саяси хабарламалардың түрлеріне қарай функционалдық, мазмұндық бағытын былайша белгілеуге де болады: әсер етуші (аудиторияға тікелей әсер етуші), ақпараттандырушы (шынайы немесе ойдан шығарылған мәліметтер), деректік (саяси субъектілер арасындағы байланыс негізделген хабар мен хабарлама).

Тарихи тұрғыдан алғанда, классикалық марксизм теориясында бұқаралық коммуникация теориясы қарастырылмады. Онда бұқаралық ақпараттың партиялық насихаттық мәніне баса назар аударылған болатын. Кеңес дәуіріндегі қоғамдық ғылымдарда осы дәстүр мықтап сақталған-ды. Бұқаралық қоғам, бұқаралық коммуникация батыс социологиясы мен философиясы, саясаттану ғылымдарында дамыды.

XX ғасырдың соңында түрлі салалардағы адам болмысы зерттеліп, коммуникативті сараптаулар жасалды. Бүгінде коммуникация гуманитарлық ғылымдардың тұрақты объектісіне айналып отыр. Саяси коммуникация осындай объектілердің бірі болып саналады. Оны түрлі сипатта, көріністе зерттемейінше, өзге гуманитарлық ғылым салаларын сараптау қиын болуы мүмкін.

Осы тұрғыда саяси коммуникацияның теориялық модель құрылымы ерекше маңызды. Зерттеушілер солардың ішінде ағартушылық, гуманитарлық мақсатта қолданылатын модельдердің әрі қоғамды бұқара көпшілікке айналдыру құралы ретінде, әрі топастану құралы ретінде де пайдалануға болатындығын айтады. Яғни осы модельдер мәдени және антимәдени коммуникацияны ұйымдастыруда қолданылатын тәсілдер болып отыр. Модельдердің негізгі мынадай үш түрін атап өтуге болады: семиотикалық, архетипикалық және мифологиялық. Осы модельдер басылымдық және электрондық саяси коммуникацияда қолданылатын тәсілдер, әдістер, элементтер жөнінде толық түсінік береді. Эмоционалды тиімді коммуникация тәсілдерін пайдалану XX ғасыр философтары ұсынған модельдерден бастау алады. Бұл модельдердің сипаты мынадай:

Семиотика – қимыл, әрекет, бет әлпеттің өзгерісі (мимика), вербальдық және визуалдық сөйлеу стилі және басқа да мағыналық белгілер болып табылады.

Архетип – тарихи немесе генетикалық жағдайларда қалыптасып индивид санасына сіңген стереотиптер.

Мифология – тарихи, идеологиялық көркем (жалған көркемдік) мифтер.

Коммуникацияның осы модельдерін идеологтар жақсы меңгерген. Мәдени дәстүрлер беделінің арқасында аталмыш модельдер оқырман мен көрермен санасына тиімді әсер етеді. Бұқаралық сананың осы ерекшелігін пресса және телевизия, әсіресе үгіт науқаны кезінде сенімді пайдаланады.

Саяси коммуникацияға арналған жұмыстарда жалпы жүйе теориясы мен кибернетика саласы терминдері жиі қолданылады. Бірақ та осы секілді терминдерді

пайдалану қашан да қиындыққа әкеледі. Сондықтан белгілі дәрежеде және саяси ғылымда қолданылатын «жүйелік-кибернетикалық» түсінік аппаратын реттеу қажеттігі тууда.

Бастапқы пункт ретінде белгілі бір жағдайда басқа объектіге бір-біріне тәуелді әрі белгілі уақытта басқа объектіге бірдей әсер ететін қоршаған ортаның кез келген объектісін айқындайтын әрекеттегі элемент ұғымын пайдаланамыз. Қоршаған ортаның көптеген басқа объектілерін осы элементтің ортасы деп санаймыз дейді О. Ланге. Саяси әлемде әрекеттегі элемент саясат субъектілерге қоршаған әлеуметтік орта, тұтастай қоғам болып саналатын индивидтер, әлеуметтік-саяси қоғамдар мен институттар жатады.

Мұнан әрі Н. Винер ұсынған мынадай үш болжамды қарастыруға болады:

1. кейбір нақты жағдайларды шақыратын, мысалы белгілі температура, электр заряды, саяси жағдайды сезіну сияқты  $W$  элементіне әсер ететін орта. Мұндай жағдайдың жекелей түрлерін кіру координаты не  $W$  элементінің кіруі деп атайды.

2. әрекеттегі  $W$  элементі кейбір нақты жағдайға, мысалы нақты температура, магниттер өрісі, қозғалыс, саяси әрекет ортасына әсер етеді.

әрекеттегі  $W$  элементінің кемінде бір рет осы ортаға кіреді және кем дегенде бір рет шығады.

Әрекеттегі элемент, соның ішінде саясат субъектісі де бір бірімен қандай байланысса, сыртқы ортамен солай байланысуы ақпараттық сипат алады. Жүйелік-кибернетикалық контекстегі ақпарат шын мәнінде ойлау категориясы сияқты әлдебір идеалды ережелер категориясы ретінде атап өтуге болады. Н. Винердің айтуынша, «Ақпарат – бұл қоршаған ортаға біздің икемделуіміздің және оған біздің сезімдеріміздің икемделуі процесінде сыртқы ортадан алынған мазмұнды белгілеу», - болып табылады.

Осынау анықтаманы, тіпті кибернетика тұрғысынан да толық деп айтуға болмайды. Өйткені оның антропологиялық реңкі басым және есептеу машинасы бөліктері арасындағы ақпараттық алмасу процесін қамтымайды.

Кері байланыс немесе екіжақты ақпараттық алмасу басқару процесінде, соның ішінде саясат саласында ерекше маңызды рөл атқарады. Жүйелік-кибернетикалық тәсіл тұрғысынан басқару коммуникацияның нәтижесінде элементтің не элементтер жиынтығының мақсатты түрде өзгеруі жекелей оқиға ретінде қарастырылады. Саяси басқаруды да саяси коммуникацияның жекелей оқиғасы ретінде айқындауға болады.

Қандай да әрекеттегі элемент, соның ішінде саясат субъектісі әрекеттегі бір элементпен байланысы болады. Осындай жағдайларда байланыстардың тармақталуы, яғни ең алдымен шығулардың тармақталуы жүреді. Осы коммуникацияның бір түрі иерархиялық байланыс, немесе, жай ғана иерархия деуге болады. Бұл тігінен құрылымдалған жинақылық, ұйымдастырушылық элементтердің жекелей деңгейлері арасындағы өзара байланыспен сипатталады. «Шағын ұйымдар» элементтерін біріктіретін көп сатылы байланыстар саясаттану мен әлеуметтік ғылым объектісі болған. «Көне Греция Федерациясы, Қасиетті Рим империясы, Швейцария Конфедерациясы, Біріккен Нидерланды, Америка Құрама Штаттары – бәрі саяси саладағы иерархиялық ұйым мысалдары.

Әрекеттегі элементтердің байланысы қарым-қатынастардың тұтас жиынтығы немесе олардың өзара байланысы әрекеттегі элементтердің жүйесі не жай жүйе ұғымын білдіреді. Әрекеттегі элементтердің жүйесі төмен деңгейдегі «шағын ұйымдар» жүйесіне енеді, оларды кейде жүйе бөліктері деп атайды. Олардың әрқайсысының әрекеті тұтастың бөлігі ретінде құрылымын айқындайды. Құрылым мен оған енетін жүйе бөлшектері міндетті түрде өзгеріссіз қалады. Уақыт өте келе элементтер арасындағы кейбір байланыстар өзгеруі, жойылуы мүмкін. Бірақ та жаңа байланыстар, соның ішінде жүйеге енбейтін элементтері бар байланыстар пайда болуы мүмкін. Жүйе бөлшектері, әрекеттегі элементтер мен құрылымдық байланыстар жалпы алғанда жүйе компоненттері деп ұғынылады.

Келтірілген анықтамаларды саяси контексте келтіре отырып, саяси жүйе саяси субъектілер мен ұйымдардың арасындағы қарым-қатынастарды үкімдік реттей отырып,

қоғамдағы саяси қызметті рәсімдейтін, оның шекарасын белгілейтін нақты тарихи формасы деуге болады. Осыған сәйкес саяси коммуникацияны саяси ақпарат беру процесі, оны элементтері мен жүйе бөлшектері, саяси жүйе мен қоғам арасында, саяси жүйе ішінде орналастыру деп түсінеміз.

Атақты американдық саясаттанушы Л. Пай: «Саяси коммуникация элитадан бұқараға бір жақты бағытталған коммуникацияны емес, саясатқа түрлі әсер ететін қоғамдағы ресми емес коммуникациялық процестердің тұтас диапазоны деуге болады», - дейді.

Әдетте саяси коммуникацияның негізгі үш тәсілін бөліп қарастырады: ресми емес байланыстар арқылы, қоғамдық-саяси ұйымдар (институттар) арқылы және бұқаралық ақпарат құралдары арқылы. Дегенмен осыларға ерекше коммуникативтік жағдайды не әрекетті қосуға болады.

«Саяси коммуникацияда әдетте айтылған не жазылған сөздер аталады, бірақ бұл берілетін мағынасы бар қандай болмасын белгі, символ мен сигнал деуге болады», - дейді ағылшын-саксондық «Саяси сараптау сөздігінің» авторлары.

Осы орайда коммуникацияға әр түрлі символикалық актілерді: наразылық ретінде саяси тұлғалардың портретін жырту, өртеу, сайлауға қатысу, саяси өлімдер, саяси науқан кездеріндегі граффити (жазбалар), белгілер және сот кереуенінің әлемді аралап жүзіп шығуға аттануын т.б жатқызуға болады. Саяси коммуникация компетенциясын белгілі деңгейде бұқаралық коммуникация құралдары, үкіметтік ақпараттық агенттіктер, саяси партиялар сияқты арнаулы мекемелер мен институт салалары құрайды. Саяси коммуникация кез келген әлеуметтік әңгімелесудің астарында, ұлттық заң шығарушы органдардағы әңгімелесулерден байқалады.

Саяси коммуникацияны модельдеу мәселесі де ғалымдар талқылаған мәселелердің бір бағыты болып саналды. Жарты ғасыр бұрын америкалық саясаттанушы Г. Лассуэлл саяси коммуникацияны зерттеудің бастауы болып саналатын әйгілі мақаласында логикалық схема құрастырады.

«Коммуникациялық актіні сипаттаудың лайық тәсілі мынадай сұрақтарға жауап беру болып саналады: Кім? Не хабарлайды? Кімге? Қандай нәтижемен?».

Бұл конструкция кейінірек Г. Лассуэлл формуласы деп аталды. Осы схема коммуникациялық зерттеулерде негізгі проблемаларды иллюстрация түрінде айқынауда қолданылды. Дегенмен көптеген зерттеушілер Г. Лассуэлл формуласының тәжірибелік пайдасын теріске шығарып, ол тым қарапайым деп сынады. Р. Брэдокктың пікірінше, коммуникациялық процесті сипаттау: қандай жағдайда және қандай мақсатпен осы хабарлама жіберілетіндігі туралы маңызды екі сәтті ескеру қажет дейді.

Г. Лассуэлл формуласы саяси коммуникацияны императивті, түрткі болатын процесс деп қарастырады. «Жіберуші» қандай дәрежеде болмасын «адресатқа» әсер етуге ұмтылады. Жіберілген хабарлама қалай да болмасын белгілі бір нәтиже береді. Бұл модель берілетін хабарламаның, әсіресе бұқаралық ақпарат құралдары болған жағдайда нәтижелілік әсерінің ұлғаю тенденциясын көрсетеді.

Коммуникациялық процесс моделін жасауға К. Шеннонның идеясы ерекше әсер етті. Ол әйгілі математик және ақпарат теориясының негізін салушылардың бірі. 40-жылдардың соңында атақты «Белл-телефон» лабораториясының қызметкері болардың алдында ақпаратты әр түрлі байланыс құралдары арқылы таратудың қолданбалы инженерлік-техникалық міндеттерімен айналысты. Сондықтан да К. Шеннон мен оның әріптесі У. Уивердің коммуникациялық процесті графикалық түрде түсіндіруі техникалық, технологиялық сипатта болуы түсінікті.

Шеннон мен Уивер моделі коммуникацияны жүйелік және бағытталған процесс деп санайды. Ақпарат көзі алдымен хабарламаны тудырады, сосын ол сигнал формасын қабылдап, хабарламаны берушіге келіп түседі, байланыс құралы арқылы беруге икемдейтін қабылдаушыға жетелейді. Қабылдаушы алынған сигналдан хабарламаны қайта қалпына келтіреді. Соңынан қайта қалпына келтірілген хабарлама адресатқа жетеді.

Сигнал берілу процесі шу не дыбыстық кедергілерге ұшырайды. Мысалы, бір уақытта бір байланыс құралы арқылы бірнеше хабарлама жібергенде осындай кедергілер пайда болады. Ақпарат көзі дайындаған хабарлама қабылдаушы алғаннан кейін адресатқа сигнал ретінде жіберілген және қабылданғанда түрлі мағынаға ие болуы, кейде мағыналық жағынан да сәйкес келмеуі мүмкін.

Дегенмен мұнда да Лассуэлдің моделіндегідей үкіметтік-басқару қарым-қатынастары элементі үшін маңызды кері байланыс элементтері жоқ. Басқару процесі нәтижесінде жалғыз әрі тиімді бола бермейтін акт бар: «ақпарат көзінің» «адресат» әрекетін бақылай алатын, соған сәйкес «басқарылатындарды» басқарушылардың ықпалына жақындастыра алатын мүкіндігі жоқ.

1970 ж. М. Дефлер Шеннон-Уивер моделінің түрін өзгертті. Коммуникациялық процесті түсіндірудің жаңа жолы: «дерек көзі» жіберген алғашқы хабарлама мен қайта қалпына келтірілген «басқарушы адресатқа» келіп түскен хабарламаның екі мәнді мағынасын алғашқы орынға шығарады. «Коммуникация» термині алғашқы және соңғы мағынасының нәтижесінде сәйкес келуі деп түсіндіріледі.

К. Шеннон мен У. Уивердің идеясын дамытқан М. Дефлер осылайша алғашқы модельдің жүйелілік, бағытталу сияқты кемшіліктері мен кері байланыс жоқтығын меңгеруге мүмкіндік берді. Дегенмен мұнда да аралық қайта қалыптасу мен берілетін «хабарламаның» бұрмалануы болатындығы байқауға болады.

Саяси коммуникация тәсілдерінің эволюциясы зерттелгенде коммуникативтік негізде басқарушы мен басқарылушы ортаның қарым-қатынасын сараптауға басты назар аударылады. Ж.-М.Коттрэ мұны мынадай парадигмада қарыстыруды ұсынды:

1. Ұқсастық қарым-қатынас. Басқарушылардың басқырылушармен ұқсастығы;
2. Кірістіру қарым-қатынасы. Барлық басқарушылар саяси қоғамның мүшелері болып саналады, бірақ басқарушылардың барлығы бірдей басқарушы ортаның мүшесі бола алмайды. Бұл қарым-қатынастар басқарушы мен басқарылушының өзара кірігуіне және өзара әсерлесуіне әкеледі;
3. Саяси қоғамның кеңеюі жағдайында басқарушы мен басқарылушының арасындағы қарым-қатынас қиылысады. Басқарушы тап ішінара басқарылушы таптан бөлектенеді.

Саяси коммуникацияның бірқатар модельдері қоғамның басқа бөліктеріне өз билігін жүзеге асыратын элита рөліне басты назар аударады. К. Сайнненің моделінде саяси жүйенің элита, бюрократия және бұқара сияқты элементтері арасында үздіксіз ақпараттық алмасулар болатыны, қашан да элита өздерінің заңдылықтарын (легимитация) нығайтатын ақпаратты құрастырып «төменге» жіберетіндігі айтылады.

Шынында, әлеуметтік топты, тапты билейтін саяси коммуникацияның субъектісі қоғамда жетекші орынды иеленеді және ақпараттық-насихаттық қызметті икемдеуге тиімді жағдайлары бар.

«Кез келген уақыттың үстемдік идеялары билеуші таптың идеялары болды», -деп К. Маркс пен Ф. Энгельстің айтуы қашан да шындыққа айналып отыр.

Билеуші тап қызметін мемлекеттік институттарға бағыттай отырып, негізгі коммуникация құралдарын, идеологиялық мекемелерді бақылауға ұмтылады. Қоғамның саяси мәдениеті деңгейіне байланысты осы әрекеттерді бұқараның пікірі мен көңіл-күйімен санасып, кейде оған да қарамастан демократиялық немесе авторитарлық түрде, жекелей не одақтастарымен жүзеге асырады. Осы орайда Л.С. Санистебан: «Қоғамдық пікір, ең алдымен бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалымен қалыптасады, әрине саяси элиталар қоғамдық пікірді немесе оның көпшілік бөлігін өз пайдаларына қарай икемдеуге әрекет етеді», -дейді.

Сонымен қатар, коммуникациялық қарым-қатынастарды тек «билеуші элита – басқарылушы бұқара» вертикалды (тігінен) принципі бойынша қарастыру жөн болмас еді. Қоғам неғұрлым демократиялық болған сайын, саяси ақпарат ағындарының, мемлекет бастамасымен үстемдік етуші коммуникативтік ағынның, ауқымды құндылықтар негізінде

қалыптасатын азаматтық қоғамның ақпараттық мұқтаждықтары мен приоритеттері соғұрлым горизонталды (көлденең) сипат алады. Сонымен бірге, телекоммуникациялық желілер қызметінің тәжірибеге енуінен, өз пайдаланушысына жекелей сипаттағы, қоғамдық сипаттағы да ақпаратты еркін жіберуге, қабылдауға мүмкіндік беретін жаңа электронды ақпарат құралдарының ықпалын ескеру қажет. Арнаулы көмекші құрылғылардың – телефон желісіндегі модем көмегімен байланыстырылған жеке компьютер индивидтерге тек бір бірімен араласуға ғана емес, әрі қандай да болмасын мәліметтер банкінен қалауы мен мұқтаждығы бойынша қажет ақпаратты алу мүмкіндігін берді. Сонымен бірге, электронды пошта, телефакс, мобильді телефон және басқа да жаңа құралдарды пайдаланудың тұлғааралық байланыстарды ұлғайтудағы ықпалы ерекше болып отыр.

Саяси коммуникация саласындағы өзгерістердің мәні ақпаратты жіберушінің адресатты қатаң бақылауын және басымдықты меңгеруге, ақпараттың баламалық түрлерінің қозғалысы моделі көмегімен көрнекі түрде иллюстрациялауға мүмкіндік береді. Голландиялық зерттеушілер Й. Бордвик пен Б. Ван Каам осындай модельді ұсынады.

1. **Айналым моделі** орталықтан бір мезгілде көптеген аймақтық абоненттерге тарату қарастырылады. Бұл үлгі өте жиі кездеседі: мысалы, дәріс кезінде не ресми баяндама жасағанда тыңдармандар қандай да бір аудиторияға ден қояды, сонымен бірге телехабар кезінде бірнеше хабарламаны әр жерде орналасқан өте көп адамдардың бір мезгілде қабылдауы. Бір жақты коммуникацияға тән осы модельдің сипаты жекелей кері байланыс мүмкіндігінің аз болуымен (әсіресе БАҚ жайлы айтқанда), сонымен қатар коммуникацияның уақыты пен орнын жіберушінің өзі анықтауымен ерекшеленеді.

2. **Диалогтық модельге** коммуникациялық желіде ақпаратты тарату жатады: орталықты не арадағы ақпарат жеткізушіні елеместен индивидтер уақытты, орынды, ақпараттық алмасу тақырыбын таңдай отырып, араға кісі салмастан өзара байланысады. Бұл модель де жай ғана жекелей жазбалардан және телефон әңгімелерінен, Интернет пен электронды поштаны пайдалануға дейін өте жиі қоданыста болады. Диалогтық модель ақпараттық алмасуға қатысушылардың өзінше «горизонталды теңдігі» сипатымен ерекшеленеді, ал керісінше, айналым моделіне «басшы – бағынушының» «вертикалды» принципі тән болады. Осы секілді коммуникация екі жақты қатысушыларды жоққа шығармайды (мысалы, шағын кездесу, телефон конференциясы, Интернет сайтындағы пікір алмасу және т.б.). Бірақ та қатысушылар санының ұлғаюы, соның ішінде «жүргізушінің» пайда болуы бұл модельді айналым моделіне жақындата түседі.

3. **Кеңес беруші модель** де көптеген жағдайлары сәйкес келетін коммуникациялық желінің аймақта орналасуы, индивидтің орталық ақпарат қорынан қажет ақпаратты іздестіруі (сервер не басқа да мәліметтер базасы, қарапайым түрі кітап, газет және басқа да кітапханалық басылымдармен жұмыс) жатады. Айналым моделіне қарағанда мұнда уақыт пен кеңес алу уақытын, сонымен қатар хабарлама уақытын орталықтың орнына максималды еркін аймақтық пайдаланушы айқындайды.

4. **Тіркеу моделінде** ақпараттың қозғалысы кеңес беруші модельге қарағанда қарама-қарсы болады. Онда орталық аймақтық дерек көздерінен ақпаратты сұрастырып алады. Аталмыш модель, мысалы, индивидтің орталық мәліметтер базасына, сонымен бірге телефон хабарламаларының автоматты жазбаларына, электронды сигнализация мен бақылаудың барлық жүйесіне еруге мүмкіндігі болмаған жағдайда қолданылады. Ақпараттың орталыққа шоғырлануы көбінде индивидтың қалауынсыз және оның келісімінсіз өтеді. Осы жүйе тарихи жағынан алғанда жаңа болмаса да компьютерлендіру мен телекоммуникациялық желілер әсерінен оның мүмкіндігі ұлғайды. Орталық индивидтің аймақтық коммуникациялық желісінен гөрі ақпараттық ағын бағыттарын айқындағанда бақылау мүмкіндігіне ие болуы тіркеу моделіне тән сипат болып саналады.

Аталған ақпараттық ағын моделдерінің бір бірінен айырмашылығы бір қарағанда аса үлкен емес сияқты әрі тәжірибеде олар жиі-жиі бір бірін толықтырып, орнын басады.

Сонымен бірге, бүгінгі технология (мысалы, телекоммуникациялық инфрақұрылым) құралдары осы модельдердің әрқайсысын пайдалануды қамтамасыз ете алады. Й. Бордвик пен Б. Ван Каам олардың логикалық байланысын көрсетті.

Бүгінде саяси коммуникацияның постиндустриалды қоғамдағы проблемалары күн тәртібіндегі мәселелердің біріне айналууда. Ақпаратты тарату мен өндеудің жаңа технологиялары мен экономиканың «төртінші» ақпараттық секторының дамуы әлеуметтік өмірдің барлық салаларына ене отырып, қоғамдық қатынастарды жаңадан ұйымдастырды. Белфаст Корольдік университетінің ақпараттық технологиялар кафедрасының жетекшісі, Ақпараттық менеджмент орталығының директоры У. Мартин ақпараттық қоғам Жапония, АҚШ және Батыс Еуропа сияқты «индустриалдық қоғам» елдерінің дамуы деп санайды. Оның ерекшеліктерінің мынадай категориялары бар:

- **технологиялық:** басты фактор – өндірісте, мекемелерде, білім беру саласында, тұрмыста кеңінен қолданылатын ақпараттық технология;
- **әлеуметтік:** ақпарат өмір сапасын өзгертудің маңызды стимуляторы ретінде кең қолданыстағы ақпараттың «ақпараттық сананы» қалыптастыруы мен орнығуы;
- **экономикалық:** ақпараттық қор, қызмет, тауар, қосымша құн мен жұмысбастылықтың дерек көзі ретінде экономиканың басты фактор болуы;
- **саяси:** түрлі таптар мен тұрғындардың әлеуметтік топтары арасындағы консенсус пен олардың саясатқа қатысуымен ерекшеленетін саяси процеске әкелетін еркін ақпарат;
- **мәдени:** ақпараттың мәдени құндылығын мойындау, жекелеген индивид пен тұтас қоғам мүддесі дамуы үшін ақпараттық құндылықтардың орнығуына ықпал ету.

Қазіргі әлем Дж. Оруэлл мен А. Хакслидің антиутопиялық рухындағы «постиндустриалды тоталитаризм» моделінен алшақтаған. Есептеуіш техниканың, ақпарат құралдары мен телекоммуникация жүйелерінің жетілуі дербес алмасу мен бақыланбайтын ақпаратты қабылдау мүмкіндігін кеңейтті. Бұл дамыған елдерде тоталитарлық ереженің болу мүмкіндігіне күмән тудырады. «Біздің ғаламшарда бүгінде диктаторлар аз. Өйткені олар ақпаратты бақылай алмайды», - дейді Дж. Нэйсбитт пен П. Абурден [182].

Шынында, саяси сипаттағы мәліметтерді тарату, бақылау – саяси режим түрлерін айқындауда маңызды элемент болып саналады. Авторитарлық режимде ақпараттық процесс өте қатал бақыланады. Ал демократиялық режимде саяси ақпарат қоғамның түрлі мүшелері арасында кеңінен таратылады.

Саяси коммуникацияның идеалды, шынайы демократиялық моделі негізінде «басқарушы» мен «басқарылушы» арасында диалог құрылады. Бұл диалог саяси оқиғалар, процестер туралы нақты, толық, аяқталған және тексерілген, қоғамның өркениеттік-мәдени құндылықтары, фундаменталды құқығы мен тұлға бостандығы жіктелген мәліметтердің тепе-тең алмасуы жатады. Бұл саяси, діни, басқа да ойлардың бостандығы, ар-ождан бостандығы, сөз бен баспасөз, митинг пен жиылыстар бостандығы, бірлестіктер бостандығы, сонымен қатар өз ойын кедергісіз еркін жеткізу, түрлі ақпарат пен гуманистік принциптерге қайшы келмейтін мемлекеттік (идея тұрғысында) шекараға тәуелсіз идеяны еркін іздестіру, алу және тарату болып табылады.

Интеллектуалдық бостандық, ағартушылық қоғамдық пікірдің, демократиялық саяси мәдениеттің болуы, үкіметтік құрылымдардан бұқаралық ақпарат құралдарына тәуелсіздігі – саяси коммуникация мен тұрақты әлеуметтік процестің оптималды дамуының маңызды алғышарты. Бұл жағдайда саяси коммуникация теориясы көбінде шындық пен толық ақпаратқа, адамның түбегейлі мүддесіне негізделген, өзара түсіністік арқылы қоғам мүддесі, оның топтары мен индивидтерінің үйлесімі мен оларды үйлестіруге жетудің ғылымы мен өнері дәрежесінде қызмет ету керек.

**Қорытынды тұжырымдар.** Қазіргі заманғы саяси коммуникативистикада теориялық зерттеулер ғалымдар тарапынан ерекше қызығушылықтың артуын осы саладағы бірқатар қарама-қайшы пікірлердің орын алып отырғандығы дәлел. *Біздің пайымдауымызша*, саяси коммуникацияны зерттеу саласындағы теориялардың көптігі

методологиялық тұрғыдан негіздеуде қиындықтар тудыратыны анық. Саяси коммуникацияны теориялық зерттеудің бірқатар жіктемелері бойынша негізгі тұжырымдарды ұсынсақ.

Бұқаралық коммуникация теориясында ақпараттық-коммуникативтік процестердің мағыналық және сапалық белгілерін айыруға және саяси субъектілер мен олардың ақпараттық серіктестерінің өзара әрекеттерінің ықпалын анықтауға мүмкіндік беретін *семантикалық, техникалық* және ықпал ету – *инфлуенталдық* деңгейлері аталады.

*Автордың пікірінше,* саяси ақпараттық-коммуникативтік байланыстардың техникалық деңгейінің дамуы оның алдымен инфлуенталық – ықпал ету мүмкіндіктерін, келесі кезекте сапалық – семантикалық дамуын арттырады. Саяси коммуникативистиканың теориялық зерттеулері қатарында: *айналым, диалог, кеңес беру, тіркеу* сияқты саяси ақпараттың қозғалыс моделдері аталады. *Біздің пайымдауымызша,* аталған ақпараттық қозғалысқа қатысушылардың саны, өтетін орны, бағытталған мекені және алға қойған мақсаты, бастысы жүзеге асу механизмдері тәжірибеде әрқелкі болғанымен, бұл моделдер іс жүзінде бірін бірі толықтырып, кей жағдайда бірлесе әрекетте болады. Сондай-ақ ақпараттық коммуникациялық технологиялар мен байланыс инфрақұрылымының дамуы аталған ақпараттық қозғалыстарды таралуы, кері байланысы, өзара алмасуы мүмкіндіктерімен қатар, сол ақпараттық қозғалысқа қатысушы субъектілердің саяси білімі, саяси мәдениеті, саяси санасы мен саяси қатысуына ықпал етуші әлеуетті күрделі құрылым ретінде дами бермек.